

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ- дағы «Машина жасау» бағыты (D103 – «Механика және металл өңдеу», D113 Материалдарды қысыммен өңдеу технологиясы БББТ) бойынша
диссертациялық кеңестің
№ 4 ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

Алматы қ.

12 наурыз 2026ж.

ҚАТЫСҚАНДАР:

Тұрақты құрамы: Елемесов Қасым Көптілеуұлы - диссертациялық кеңестің төрағасы, техника ғылымдарының кандидаты, профессор; Абсадықов Бахыт Нарикбаевич - диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары, техника ғылымдарының докторы, профессор; Тошов Жавохир Буриевич - техника ғылымдарының докторы, И.Каримов атындағы Ташкент мемлекеттік техникалық университетінің профессоры; Басқанбаева Динара Жұмабайқызы - диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, PhD докторы, қауымдастырылған профессор.

Төраға: Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері! Құрметті әріптестер!

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің 08.10.2024 жылғы № 456-П/Ө бұйрығына сәйкес «Машина жасау» бағытының (D103 – «Механика және металл өңдеу», D113 Материалдарды қысыммен өңдеу технологиясы БББТ), 8D07102 – «Машина жасау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру үшін докторлық диссертацияны қорғау мақсатында құрылған диссертациялық кеңестің тұрақты құрамының ғылыми хатшыны қоса алғанда 4 мүшесі бекітілген.

Отырысқа кеңестің 4 тұрақты мүшесі қатысып отыр:

1. Төраға Елемесов Қасым Көптілеуұлы - т.ғ.к., профессор;
2. Төрағаның орынбасары - Абсадықов Бахыт Нарикбаевич, т.ғ.д., профессор;
3. Тошов Жавохир Буриевич - т.ғ.д., профессор;
4. Ғылыми хатшы - Басқанбаева Динара Жұмабайқызы, PhD докторы, қауымд. профессор.

2026 жыл 3 ақпан № 2–ші хаттамаға сәйкес Тлеужанова Гульнур Болатханқызының диссертациялық жұмысын қорғауға кеңестің уақытша мүшелерінің келесі құрамы бекітілді:

1. Бекмырза Жұмаш Айтжанұлы - PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай облыстық университеті (Қостанай қ.) CiteScore бойынша 35-тен жоғары 4 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі - 2.

2. Ибрагимова Зәуре Асылбекқызы – PhD, «Механика және машина жасау» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, (Шымкент қ.) CiteScore бойынша 35-тен жоғары 3 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі - 4.

3. Джомартов Асылбек Абдразакович – т.ғ.д, Академик Ө.А. Жолдасбеков атындағы Механика және машинатану институтының эксперименттік зерттеулер зертханасы. (Алматы қ.). CiteScore бойынша 35-тен жоғары 4 ғылыми жарияланым бар, Хирш индексі - 6.

Отырысқа қатысып отырған:

Диссертациялық Кеңестің бекітілген құрамынан 9 адам (оның ішінде 3 уақытша ДК мүшесі);
оффлайн – 8;

онлайн - 1;

қатыспады – 0.

Ресми рецензенттердің екеуі де офлайн қатысып отыр.

Кеңес отырысын өткізу үшін кворум бар. Диссертациялық кеңестің 7 мүшесінен, отырысқа қатысып отырғандар - 7, диссертациялық кеңестің барлық мүшесі түгел, сондықтан отырыс құзыретті болып саналады.

Құрметті ғылыми хатшы, қатысу парағына диссертациялық кеңестің барлық қатысқан мүшелері қол қойды ма?

Диссертациялық кеңестің отырысын бастауға ұсыныс бар. Кім осы ұсынысты колдайды?
Дауыс беруді сұраймын. Қалыс қалғандар бар ма?

Жок.

Қарсы.

Бірауыздан қабылданды.

Төраға: Құрметті әріптестер! Дауыс беруді ескере отырып, диссертациялық Кеңестің отырысын ашық деп санауға рұқсат етіңіздер.

Күн тәртібіндегі мәселелерді жариялау және бекіту.

Төраға.

Күн тәртібінде:

Глеужанова Гульнур Болатханқызының диссертациялық жұмысын қорғауы. Диссертация тақырыбы: «Сандық бағдарламалық басқаруы бар токарлық станок құралдарының жанасуын, сынуын және тозуын бақылаудың автоматты жүйесін әзірлеу». 8D07102 – «Машина жасау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмыс. Диссертант өз жұмысын Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде орындаған.

Ғылыми кеңесшілер:

1. Дудкин Михаил Васильевич, т.ғ.д., профессор, Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті (Өскемен қ., Қазақстан Республикасы);

2. Кадыров Жаннат Нургалиевич, т.ғ.к., профессор, Халықаралық көлік-гуманитарлық университеті. (Алматы қ., Қазақстан Республикасы).

Шетелдік ғылыми кеңесшісі:

1. Марек Млынчак, т.ғ.д., профессор, Вроцлав политехникалық университеті. (Вроцлав қ., Польша).

Ресми рецензенттер:

1. Нұғман Ерік Зейнелұлы – PhD докторы, «Машина жасау» кафедрасының меңгерушісі, Ә. Бүркітбаев атындағы Энергетика және машина жасау институты, Satbaev University (Алматы қ.) CiteScore бойынша 35-тен жоғары бірнеше басылымдары бар, H-индексі: 3;

2. Алшынова Айман Медубекқызы - PhD докторы, «Өндірістік үдерістердің машиналары және аппараттары» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Алматы технологиялық университеті (Алматы қ.). CiteScore бойынша 35-тен жоғары 3 ғылыми жарияланымдары бар. Хирш индексі -2.

Диссертация алғаш рет қорғалайын деп отыр.

Күн тәртібінде толықтырулар немесе ескертулер бар ма?

Диссертациялық кеңестің мүшелері:

Жок.

Төраға:

Диссертацияның аттестаттау ісінің материалдарын жариялау үшін ғылыми хатшы Басқанбаева Динара Жұмабайқызына сөз беруге рұқсат етіңіз.

Ғылыми хатшы:

Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде 8D07102 – «Машиналар жасау» білім беру бағдарламасы бойынша білім алған диссертант Глеужанова Гульнур Болатханқызы «Машина жасау» бағыты (БББТ D103 – «Механика және металл өңдеу», БББТ D113 Материалдарды қысыммен өңдеу технологиясы) бойынша бекітілген диссертациялық кеңеске, диссертациялық жұмысын қорғау үшін келесі құжаттарымен қабылданды: Диссертация

тақырыбы: «Сандық бағдарламалық басқаруы бар токарлық станок құралдарының жанасуын, сынуын және тозуын бақылаудың автоматты жүйесін әзірлеу».

1. Докторант Тлеужанова Гульнур Болатханқызының «Машина жасау» бағыты (D103 – «Механика және металл өңдеу», D113 Материалдарды қысыммен өңдеу технологиясы БББТ) бойынша диссертациялық кеңеске қорғауға шығу туралы өтініші.

2. Ғылыми жетекшілерінің пікірі, яғни:

Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті тарапынан ғылыми кеңесші техника ғылымдарының докторы, профессор - Дудкин Михаил Васильевичтың пікірі;

Халықаралық көлік-гуманитарлық университеті тарапынан ғылыми кеңесші техника ғылымдарының докторы, профессор - Кадыров Жаннат Нургалиевичтың пікірі.

Шетелдік ғылыми кеңесші, профессор, Dr. hab. Eng, Wrocław University of Science and Technology, Млынчак Маректың пікірі.

3. Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің Халықаралық инженерия мектебінің «Машинажасау» бағыты бойынша кеңейтілген отырысының оң қорытындысы;

4. Қатты мұқабалы және электрондық жеткізгіштегі диссертациялық жұмысы, сондай-ақ орыс, ағылшын және қазақ тілдеріндегі аңдатпалары;

5. Диссертация тақырыбы бойынша 18 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде жарияланымдар:

- Q3 квартильдегі 41 және 68 процентильдегі Scopus дерекқорына кіретін журналда 2 ғылыми мақала;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдардағы 1 мақала;

- Осы бағыт бойынша Қазақстан Республикасының өнертабысқа 15 патенті бар;

6. Ғылыми еңбектердің тізімі және олардың көшірмелері;

7. Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің этикалық комиссияның қорытындысы;

8. Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығының анықтамасы диссертацияда авторға және алынған материал көзіне сілтеме жасамай алынған материалдың жоқтығын растайды. Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы диссертациялар қорымен салыстырмалы талдау нәтижесінде сәйкестіктер табылмағанын растайтын анықтама бар.

9. Жоғары білім туралы дипломның көшірмесі – бакалавриатты аяқтағаны туралы (нотариалды куәландырылған).

10. Магистрдің ғылыми дәрежесі туралы дипломның көшірмесі (нотариалды куәландырылған).

11. Докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасын игеру туралы транскрипт көшірмесі бар.

12. Диссертациялық жұмыс тақырыбын бекіту туралы бұйрық.

13. Барлық құжаттар ҚР Ғылым және Жоғары білім саласындағы бақылау комитетінің Философия докторы (PhD) атағын алуға сәйкес және олар қол жетімді.

Төраға: Аттестаттау ісінің материалдары бойынша, ғылыми хатшыға немесе диссертантқа сұрақтар бар ма?

Кеңес мүшелері. Жок.

Диссертацияның баяндамасы және кеңес мүшелерінің диссертацияға сұрақтары.

Төраға: Диссертантқа диссертацияның мәні мен негізгі ережелерін ұсыну үшін сөз беріледі. Регламент бойынша диссертантқа 20 минут беріледі.

Сөз сөйледі: Тлеужанова Гульнур Болатханқызы өз баяндамасында диссертациялық жұмысының мағынасын және жаңашылдығын баяндады. Баяндама презентация түрінде ұсынылды. Баяндама барысында келесі мәселелер қамтылды:

1. Диссертациялық жұмыстың мақсаты
2. Диссертациялық жұмыстың міндеттері
3. Қорғауға ұсынылған ғылыми ережелер
4. Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы
5. Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы
6. Диссертациялық жұмыстың қорытындысы

Төраға. Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері, диссертацияға қатысты қандай сұрақтарыңыз бар? Жұмысты талқылау үшін сұрақтар қоюларыңызды өтінемін.

Докторантқа келесі сұрақтар қойылды:

Бекмырза Жұмаш Айтжанұлы - PhD докторы.

1-сұрақ: В чём разница инструментальной и методической погрешностями?

Тлеужанова Г.Б.

Жауап: Инструментальная включает погрешности используемых измерительных преобразователей, а методическая образована погрешностью схемы измерения, базирования, температурной и упругодеформационными смещениями.

2-сұрақ: Как определить эталонные значения сигналов для различных аварийных ситуаций?

Тлеужанова Г.Б.

Жауап: В режиме обучения системы находятся эталонные значения сигналов для каждого используемого инструмента. После чего формируется библиотека уставок.

Төраға: Құрметті әріптестер, тағы да сұрақтарыңыз бар ма?

Абсадыков Бахыт Нарикбаевич, т.ғ.д., профессор.

3-сұрақ: Сіз қандай сандық бағдарламалық басқаруы бар (ЧПУ) жүйесінің класын қолдандыңыз?

Тлеужанова Г.Б.

Жауап: CNC класына жататын сандық бағдарламалық басқару жүйесі қолданылды.

Сериялық шығарылатын токарлық станоктарда негізінен қозғалмалы тораптардың орналасуын бақылайтын кері байланыс датчиктері болады, мысалы, станок суппортының арбашасының орналасуын өлшейтін датчиктер.

4-сұрақ: Сериялық токарлық станокта өлшеу түрлендіргіштері бар ма?

Тлеужанова Г.Б.

Жауап: Кейбір жағдайларда бөлшектің айналу жетегіндегі жүктемені бақылау үшін датчиктер де орнатылады.

Төраға: Құрметті әріптестер, тағы да сұрақтарыңыз бар ма?

Джомартов Асылбек Абдразакович – т.ғ.д, профессор.

5-сұрақ: Датчиктердің калибровкасын қалай жүргіздіңіздер?

Тлеужанова Г.Б.

Жауап: Датчиктердің калибровкасы тәжірибелік жолмен жүргізілді. Ол үшін өлшеу нүктесіне ең жақын орналасқан торап таңдалып алынды да, оның ішкі бөлігіне тензорезисторлар жабыстырылды. Осы негізде сигналды қабылдау және өңдеу үшін микросхемалық сұлба орнатылып, датчик қайтадан бекітілді.

6-сұрақ: Методика болды ма?

Тлеужанова Г.Б.

Жауап: Әрбір датчиктің конструкциясы патентпен қорғалған. Калибровка нәтижесінде әр датчик үшін жеке калибровкалық кесте жасалды. Осы кестелердің көмегімен датчик сигналдарының нақты мәндері анықталды.

Елемесов Қасым Көптілеуұлы - т.ғ.к., профессор.

7-сұрақ: Сіздің тәжірибеңізді өндіріске енгізсе қандай эффект болуы мүмкін?

Тлеужанова Г.Б.

Жауап: Менің ойымша, бұл жүйені өндіріске енгізу жоғары тиімділік береді. Бұған дейін станоктарда қарапайым датчиктердің түрлері ғана қолданылып келді. Ал біздің ұсынған жүйеде датчиктің ішіне тензорезисторлар орнату арқылы кесу процесі кезінде құралдың соғылуын, сынуын және тозуын анықтауға мүмкіндік туды.

Алынған сигналдар өңделіп, оператор экранына шығарылады.

8-сұрақ: Датчиктер бір бағдарлама арқылы бір ғана мән береді. Қазіргі заманға сай жасанды интеллект қолдануға бола ма?

Тлеужанова Г.Б.

Жауап: Иә, қолдануға болады. Қазіргі жүйеде датчиктерден алынған сигналдар өңделіп, оператордың экранына шығарылады. Бұл деректер кесу процесінің жағдайын бақылауға мүмкіндік береді.

Егер зерттеуді әрі қарай жалғастырсақ, осы алынған мәліметтер негізінде жасанды интеллект алгоритмдерін қолдануға толық мүмкіндік бар.

9-сұрақ: Осы жүйені басқа станоктарда қолдануға бола ма?

Тлеужанова Г.Б.

Жауап: Иә, бұл жүйені басқа станоктарда да қолдануға болады. Ұсынылған өлшеу және диагностикалау жүйесі әмбебап сипатқа ие. Сондықтан оны фрезерлік станоктардың әртүрлі түрлерінде қолдануға мүмкіндік бар.

Қандай кескіштермен эксперимент жасадыңыз? Стенд жасалынды ма? Тозуын қалай анықтадыңыз?

Эксперимент кескіш құралдармен жүргізілді, зерттеу үшін арнайы стенд дайындалды. Кесу процесі кезінде датчик сигнал береді, сол сигнал бағдарлама арқылы экранға шығарылады. Кескіштің тозуы сигнал мәнінің өзгеруімен анықталады. Жүйеде уставка қойылады, ал уставка неғұрлым дұрыс таңдалса, тозуды анықтау соғұрлым дәл болады.

Ибрагимова Зәуре Асылбекқызы – PhD докторы, қауымдастырылған профессор.

10-сұрақ: Қандай кескіштермен эксперимент жасадыңыз? Стенд жасалынды ма? Тозуын қалай анықтадыңыз?

Тлеужанова Г.Б.

Жауап: Эксперимент кескіш құралдармен жүргізілді, зерттеу үшін арнайы стенд дайындалды. Кесу процесі кезінде датчик сигнал береді, сол сигнал бағдарлама арқылы экранға шығарылады. Кескіштің тозуы сигнал мәнінің өзгеруімен анықталады. Жүйеде уставка қойылады, ал уставка неғұрлым дұрыс таңдалса, тозуды анықтау соғұрлым дәл болады.

Нұғман Ерік Зейнелұлы - PhD докторы, қауымдастырылған профессор.

11-сұрақ: Датчиктерді қайда орнаттыңыз? Дайындамаға ма, әлде инструментке ме?

Тлеужанова Г.Б.

Жауап: Датчиктер кесу процесіне тікелей қатысатын инструменттік торапқа орнатылды.

12-сұрақ: Станоктың басқару бағдарламасымен қалай байланысады?

Тлеужанова Г.Б.

Жауап: Микропроцессорлық құрылғы арқылы жүзеге асырылады. Датчиктерден алынған сигналдар алдымен микропроцессорға түседі. Сол жерде сигнал өңделіп, арнайы орнатылған бағдарлама арқылы құрылғыға енгізіледі.

Тораға: Жеткілікті ме, әлде әлі де сұрақтар бар ма?

Ибрагимова Зәуре Асылбекқызы – PhD докторы, қауымдастырылған профессор.

13-сұрақ: Өндеу әктісі барма?

Тлеужанова Г.Б.

Жауап: Иә, өндіріске енгізу әктісі бар. Зерттеу нәтижелері «Акмолаприбор» полигонында тәжірибелік түрде енгізіліп, сынақтан өткізілді.

Диссертациялық кеңестің мүшелері: Диссертациялық кеңес докторанттың баяндамасы бойынша өзекті сұрақтар қойды.

Тлеужанова Гульнур Болатханқызы барлық сұрақтарға жауап беріп, диссертациялық кеңес мүшелері жауаптармен қанағаттандырылды.

Ғылыми кеңесшілердің сөз сөйлеуі.

Төраға: Сөз ғылыми кеңесшіге техника ғылымдарының докторы, профессор, Дудкин Михаил Васильевичке беріледі.

Дудкин М.В.: Сөз сөйлеу барысында ғылыми кеңесші диссертацияның өзектілігін, мақсаты мен міндеттерін, ғылыми жаңалығын, ғылыми ережелерін және қорғауға шығарылатын, сондай-ақ практикалық маңыздылығын қысқаша баяндады.

Бүгінгі таңда технологиялық жабдықтарды, соның ішінде сандық бағдарламалық басқаруы бар токарлық станоктарын техникалық диагностикалау құралдарын теориялық зерттеу және практикалық жүзеге асыру мәселелерінде әлі де шешімін таппаған міндеттер бар.

Автор бірнеше жылдар бойы жүргізген зерттеу жұмыстарының барысында зерттеудің қажетті міндеттерін айқындап, тұжырымдай білді, содан кейін оларды нақты ғылыми және практикалық нәтижелерге дейін жеткізді.

Мәселен, өлшеуіш түрлендіргіштер сигналдарының эталондық мәндерін табу, нақты авариялық жағдайларды сәйкестендіру және кейіннен оларды автоматты режимде жұмыс істейтін жүйелерде іске асыру ең көп еңбекті қажет ететін кезеңдер екендігі анықталды.

Автор мұндай жүйелердің құрамы мен жұмыс режимдерін айқындап, олардың әрекетін кескіш құралдардың үш негізгі авариялық жағдайын: соғылуды, сынуды және тозуды сәйкестендіруге бағыттады. Мұндай жүйелерді практикалық жүзеге асыру үшін автор түпнұсқалық өлшеуіш түрлендіргіштердің тобын жасап, оларды тәжірибелік үлгілер деңгейіне дейін жеткізді және эксперименталды нәтижелер алды.

Автор ұсынылып отырған микропроцессорлық жүйелерді станоктағы қолданыстағы штаттық басқару блогымен – станоктың сандық бағдарламалық басқаруы бар құрылғысымен түйістіру (интеграциялау) мәселелеріне ерекше назар аударды. Алынған нәтижелер технологиялық жабдықтардың кез келген басқа түрлері үшін де қолданыла алады.

Қойылған міндеттерді шешудегі кешенді тәсілді, атап айтқанда: алынған теориялық нәтижелерді (оқиғалар матрицасын қалыптастыру кезінде бинарлық параметрлерді қолдануды, авариялық жағдайларды сәйкестендірудің іске асырылған алгоритмдерін, сандық бағдарламалық басқаруы бар токарлық станогында өңдеу процесін бақылаудың ұсынылған микропроцессорлық жүйелерінің құрамы мен жұмыс режимдерін), сондай-ақ стандартталмаған өлшеу құралдары мен жүйелердің өзін көптеген практикалық іске асыру жұмыстарын ерекше атап өтеміз. Өзірлемелердің бірегейлігі Қазақстан Республикасының өнертабысқа берілген 15 патентімен расталған.

Физикалық модельдеу нәтижелері мен эксперименталды зерттеулердің нәтижелері өзірлемелердің өндірістік қолданысқа жарамдылығын айғақтайды. Қол жеткізілген техникалық нәтижелер алдағы уақытта пайдалануға қолайлы.

Автор ұсынып отырған өзірлемелерді, соның ішінде техникалық диагностикалаудың автоматты жүйелерін іске асыру сериялық түрде шығарылатын сандық бағдарламалық басқаруы бар токарлық станоктарының штаттық тораптарын шамалы ғана жаңғыртуды талап етеді және экономикалық тұрғыдан өзін-өзі ақтайды.

Ұсынылған жүйелердің барлық жұмыс режимдері диссертацияда келтірілген символдық ақпаратты бейнелеу блогының (САББ) экранынан түсірілген фотосуреттерде көрсетілген, олар ақпаратты оқуға және жүйелердің әртүрлі қолдану режимдеріндегі жұмысын бақылауға ыңғайлы.

Диссертациялық зерттеумен жұмыс істеу кезеңінде Г.Б. Тлеужанова өзін білікті маман, талантты зерттеуші және экспериментатор ретінде көрсетті.

Г.Б. Тлеужанованың диссертациялық жұмысы — алынған ғылыми және практикалық нәтижелері бар, аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады.

Г.Б. Тлеужанованың диссертациялық жұмысы 8D07102 – «Машина жасау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға жауап береді деп есептеймін, ал Гульнур Болатханқызы Тлеужанова философия докторы дәрежесін алуға лайықты.

Төраға: Сөз ғылыми кеңесшіге техника ғылымдарының докторы, профессор, Кадыров Жаннат Нургалиевичке беріледі.

Кадыров Ж.Н.: Ғылыми кеңесші өз сөзінде диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұнына тоқталып, оның өзектілігін, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін, ғылыми жаңалығы мен қорғауға ұсынылатын негізгі ғылыми тұжырымдарын, сондай-ақ жұмыстың практикалық маңыздылығын атап өтті.

Сандық бағдарламалық басқаруы бар токарлық станоктарын пайдалану тәжірибесі олардың жұмыс істеу сенімділігінің төмендігін, әсіресе өңделуі қиын материалдардан жасалған кең номенклатуралы бөлшектерді өңдеу кезінде растады. Сонымен қатар, станоктардың құрамындағы өлшеу аппаратурасы әртүрлі авариялық жағдайларды анықтау мен сәйкестендіру үшін жеткіліксіз. Әсіресе, құралдардың сынуын анықтау өте қиын (көп еңбекті қажет етеді). Станокты басқару бағдарламасындағы іркіліс көбінесе суппорт күймесінің станоктың қозғалмайтын тораптарына соғылуы түріндегі күтпеген авариялық жағдайларға әкеп соғады. Мұның бәрі кедергілер тудырып, токарлық станоктар жұмысының тиімділігін төмендетеді.

Г.Б. Тлеужанова өзінің диссертациялық жұмысында авариялық жағдайларды сәйкестендіретін сигналдардың эталондық мәндерін анықтап қана қоймай, сонымен қатар түпнұсқалық стандартталмаған өлшеу құралдарының (датчиктердің) көмегімен олардан келетін ақпараттық сигналдардың вариацияларын тіркеуге және авариялық жағдайларды диагностикалаудың бірнеше автоматты жүйесін жасауға қол жеткізді. Жарияланымдарға жасалған шолу мұндай жүйелердің бұрын болмағанын көрсетті, ал өнертабысқа алынған патенттер Г.Б. Тлеужанова орындаған әзірлемелердің бірегейлігін растады.

Авариялық жағдайларды анықтау үшін бірегей математикалық аппарат қолданылды.

Әзірленген өлшеу құралдарының жұмысқа қабілеттілігі өлшеу кателіктерін талдаумен және өлшеулерді орындау әдістемесінің аттестатын жасаумен (ҚР №36003 Патенті бойынша динамометрлік револьверлік бастиек мысалында) расталды.

Эксперименталды зерттеулердің сенімділігі САББ (символдық ақпаратты бейнелеу блогы) экранынан алынған фотосуреттермен расталды.

Авариялық жағдайларды анықтау әдістемелері ерекше практикалық қызығушылық тудырады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы Г.Б. Тлеужанованың сандық бағдарламалық басқаруы бар токарлық станоктары жұмысының тиімділігін арттыру үшін техникалық диагностикалау міндеттерін шешуге қосқан үлкен ғылыми және практикалық үлесін айғақтайды. Алынған ғылыми нәтижелер CNC класындағы басқару жүйесімен жабдықталған кез келген технологиялық жабдықтың жұмыс тиімділігін арттыру үшін қолданыла алады.

Г.Б. Тлеужанованың диссертациялық жұмысы нақты нәтижелері бар аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады.

Г.Б. Тлеужанованың диссертациялық жұмысы 8D07102 – «Машина жасау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылатын жұмыстарға қойылатын талаптарға жауап берді. Гульнур Болатханқызы Тлеужанова философия докторы дәрежесін алуға лайықты.

Төраға: Рахмет. Сөз шетелдік ғылыми кеңесшіге техника ғылымдарының докторы, профессор Млынчак Марекке беріледі.

Млынчак Марек: Современные токарные станки с ЧПУ оснащены регулируемыми приводами подачи и в отдельных случаях датчиками обратной связи по положению подвижных узлов станка. Такое информационно-метрологическое обеспечение недостаточно для обеспечения функционирования станков в условиях действия многочисленных дестабилизирующих факторов.

Известные попытки оснастить токарные станки дополнительными измерительными преобразователями положительного результата не принесли. Связано это со сложностью их реализации и ненадёжностью функционирования.

Вместе с тем, обеспечение бесперебойной работы станков актуально и требует решения.

Автором впервые предложено выделить и идентифицировать возможные аварийные ситуации в работе станков, для чего предложена микропроцессорная автоматическая система контроля основных аварийных ситуаций, а именно, наезжания подвижных узлов станка (при сбое управляющих программ), поломки многономенклатурных инструментов (либо частичного выкрашивания режущей части), а также размерного износа инструментов. Последняя выделенная аварийная ситуация снижает точность изготовления деталей даже при функционирующем оборудовании.

Тлеужанова Г.Б. создала несколько новых нестандартизованных измерительных средств, которые могут использоваться как автономно, так и в составе автоматических систем (диагностики и автоматического управления). Отметим оригинальность их конструкций, а также инвариантность их конструкций по отношению к основным возмущающим воздействиям.

Предложенная автором микропроцессорная система диагностики стыкуется с штатным устройством управления (ЧПУ станка) и может использоваться в разных типах токарных станков. Экспериментальные исследования на базе токарного станка с ЧПУ мод.16К20Ф3 подтвердили принятую автором концепцию и позволили решить важную научную проблему повышения эффективности их работы.

Сравнение с существующими системами и близкими аналогами показали перспективность разработок Тлеужановой Г.Б.

Отметим использование бинарных параметров при формировании матрицы событий, что позволило реализовать оригинальный (защищённый патентом РК №36029) алгоритм идентификации аварийных ситуаций.

Решив обозначенные в диссертации задачи исследования, автор достиг поставленной цели – повышения эффективности функционирования токарных станков с ЧПУ.

Результаты научных исследований обсуждены на научных семинарах и конференциях в ВКТУ, опубликованы в журналах, индексируемых в базе данных Scopus.

Все разработки автора защищены 15-ю патентами Казахстана.

Автором проведены комплексные научные исследования, внесшие вклад в теорию и практику технического диагностирования технологического оборудования.

Считаю, что диссертационная работа Тлеужановой Г.Б. отвечает требованиям, предъявляемым к диссертациям на соискание доктора философии по образовательной программе 8D07102, а сам автор – Тлеужанова Гульнур Болатханкызы заслуживает присвоения ей степени доктора философии (PhD).

Ресми рецензенттердің сөз сөйлеуі және диссертанттың олардың ескертулеріне жауаптары.

Төраға: Сөз ресми рецензент, PhD докторы, «Машина жасау» кафедрасының меңгерушісі, Ә. Бүркітбаев атындағы Энергетика және машина жасау институты, Satbaev University Нұғман Ерік Зейнелұлына беріледі.

Сөз сөйледі: ресми рецензент – т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Нұғман Ерік Зейнелұлы.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері ғылымға айтарлықтай үлес қосады, атап айтқанда автоматты басқарылатын токарлық станоктың кескіш құралдарының соғылуын, сынуын және тозуын бақылаудың автоматтандырылған жүйесін әзірлеу – жаңашыл болып табылады және ғылымға елеулі үлес қосады.

Диссертациялық жұмыста теориялық және қолданбалы сипаттағы кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Соның нәтижесінде технологиялық жабдықтардың, соның ішінде сандық бағдарламалық басқаруы (СББ) бар токарлық станоктардың жұмыс тиімділігін арттыруға қол жеткізілді.

Алынған жаңа ғылыми нәтижелер әртүрлі мақсаттағы технологиялық машиналарды неғұрлым жетілдірілген әрі тиімді етіп жобалауға және жасауға мүмкіндік береді.

Жеке жұмыс атқару деңгейі: Жұмыс келесі негізгі кезеңдерді қамтиды: станок жүйелерінің жұмысын автоматты диагностикалау құрылғыларын іске асыруға арналған қолданыстағы техникалық шешімдерге шолу жасау және оларды талдау; апаттық жағдайдың туындау оқиғасын танудың теориялық негіздемесін әзірлеу; токарлық станоктың кескіш құралдарының соғылуын, сынуын және тозуын бақылауға арналған микропроцессорлық автоматтандырылған жүйені эксперименттік зерттеу барысында әртүрлі апаттық жағдайларды модельдеу.

Ізденуші жоғары талдамалық деңгей мен дербестікті көрсетті, бұл материалдардың 15 патентте, 3 мақалада, оның ішінде 2-еуі Scopus деректер базасында және 1-еуі ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (ҚКСОН) ұсынған басылымда жариялануымен расталады.

Диссертация өзектілігін негіздеу: Диссертация тақырыбының өзектілігі жоғары деңгейде ғылыми тұрғыдан негізделген және уақыт талабына толық сәйкес келеді. Сандық бағдарламалық басқаруы (СББ) бар токарлық станоктарды пайдалану тәжірибесі олардың сенімді әрі тиімді жұмыс істеуі қосымша техникалық диагностикалау құралдарын енгізбей және солардың негізінде автоматтандырылған диагностикалау жүйелерін қалыптастырмай қамтамасыз етілмейтінін көрсетті.

Ізденуші ұсынған станок тораптарына кіріктірілген өлшеу түрлендіргіштері негізінде құрылған автоматтандырылған жүйелердің ақпараттық қамтамасыз етілуіне қатысты ғылыми негізделген тәсіл олардың функционалды тиімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берді.

Осыған байланысты барабанды щеткалы-роторлы машиналардың жұмыс тиімділігін арттырудың жаңа ғылыми тәсілдерін іздестіруге бағытталған зерттеу жұмысы өзекті болып табылады және жетілдірілген құрылыс-жол машиналарын жасау саласында жаңа ғылыми бағыттың қалыптасуына елеулі үлес қосады.

Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: Диссертациялық жұмыстың мақсаты – сандық бағдарламалық басқаруы (СББ) бар токарлық станоктарды микропроцессорлық орындауда әзірленген, станоктың штаттық басқару құрылғыларымен түйісу және өзара әрекеттесу мүмкіндігі бар, сондай-ақ жоғары ақпараттылықпен қамтамасыз етілген құралдардың соғылуын, сынуын және тозуын бақылаудың автоматтандырылған жүйелерімен жарактандыру арқылы олардың жұмыс істеу тиімділігін арттыру болып табылады.

Диссертант тұжырымдаған зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді және оның мазмұнын жан-жақты қамтиды.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында ішкі бірлік принципі толық сақталған. Жұмыстың барлық бөлімдері мен тұжырымдары өзара қисынды байланыста болып, логикалық бірізділікпен баяндалған.

Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар мен ғылыми тұжырымдар зерттеу жұмысының мәні мен мазмұнын толық әрі барабар түрде айқындайды.

Диссертациялық жұмыста техникалық диагностикалаудың автоматтандырылған жүйелерінің қазіргі жағдайына жүргізілген талдау нәтижелері келтірілген. Жүргізілген талдау мұндай жүйелердің функционалды және техникалық сипаттамаларының мүмкіндіктері шектеулі екенін көрсетті.

